С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.175-177

«РОДИНА» АГРОФИРМАСЫ» ЖШС ТҰҚЫМДЫҚ БҰҚАЛАРЫНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ САПАСЫ БОЙЫНША БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Харжау А.

Халықты жоғары сапалы сүт және ет өнімдерімен қамтамасыз ету агроөндірістік кешеннің жұмыскерлерінің басты міндеті. Әсіресе сүт және сүт өнімдері көпшілік жұртқа қолжетімді болып отыр. Сондықтан сүтті бағыттағы мал шаруашылығынын кеңінен дамытудың қазіргі таңда маңызы зор.Осы орайда Қазақстандағы ірі қаралардың сүт өнімділігін жқғарылату мен асылдандыруда шетелдік сүтті және сүтті-етті бағыттағы өнімділігі жоғары тұқымдардың бұқалары қазіргі кезеңде кеңінен пайдалануда.

Бүгінгі күні еліміздегі бірден-бір алдыңғы қатарлы сүтті бағыттағы мал шаруашылығы кешені - «Родина» агрофирмасы» ЖШС. Бұл кешен алғашқылардың бірі болып шетелден асыл тұқымды голштин қара ала тұқымының малдарын алып келді. Аталмыш шаруашылықта малды тек шет елдерден әкеліп қана қоймай; сонымен бірге импорттық малдардың біздің өңірге бейімделгіштігі, өз қасиеттерін келесі ұрпақтарына бере алу қабілеттілігі секілді артықшылықтары әрдайым шаруашылық мамандары мен ғалымдармен қадағаланып отырады. Ал шаруашылықта пайдаланылатын бұқаларды ұрпақта--рының сапаларына қарай бағалауды «Асыл түлік» республикалық мал шаруашылығынасылдандыруорталығы» АҚ мамандары жүргізеді. Ұрпағының сапасына қарап бағалау мақсатында голштин қара ала тұқымының Дода №7005 және Дию №7013 атты бұқалары 2008 жылы «Родина» агрофирмасы» ЖШС сынаққа қойылған. Инструкция бойынша сүтті бағыттағы ірі қара малдың бағалау жұмыстары 5 жыл ауқымында жүргізіледі [3].

Жұмыс барысында бұқалардың ұрпақтары мен құрбыларының көрсеткіштерін салыстыру арқылы әр бұқаның тұқымдық сапасы айқындалды.

Дода №7005 және Дию №7013 атты тұқымдық бұқалар Канададан әкелінген сиырлардан туған төлдер.

Дода №7005 атты бұқаның 15 ұрғашы ұрпағының орташа сүттілігі 1 сауым маусымының 305 күнінде 5665 кг, сүтінің майлылығы - 3,72%, сүт майы - 210,7 кг, желінінің индексі 43,5%, сүт беру жылдамдығы 1,72 кг/мин. Олардың құрбыларының орташа сүттілігі 1 сауым маусымының 305 күнінде 5393 кг, сүтінің майлылығы - 3,62 %, сүт майы -195,2 кг, желінінің индексі 42,5%, сүт беру жылдамдығы 1,70 кг/мин. Енелерінің орташа сүттілігі 1 сауым маусымының 305 күнінде 3802 кг, сүтінің майлылығы - 3,73%, сүт майы - 141,8 кг, желінінің индексі 43%, сүт беру жылдамдығы 1,70 кг/мин.

Яғни, қыздарының сүттілігі енелерінікінен 1863 кг, сүт майы - 68,9 кг артық болып шықты. Ал құрбыларынікінен сүттілігі - 272 кг, сүтінің майлы-

лығы - 0,10%, сүт майы - 15,5 кг артық. Инструкцияда келтірілген кесте бойынша түзету коэффициенті 0,58. Түзету коэффициенті бойынша бұқаның қыздарының сүттілігі құрбыларыныкінен 157,8 кг (272 × 0,58) немесе 2,9% (157,8× 100/5393) жоғары.

Құрбыларының сүт сауымы бойынша Инструкцияға сәйкес 1-ші тұқымдар тобына, майлылығы деңгейі бойынша 3-топқа жатады.

Желін индексін, сүт беру жылдамдығын есепке ала отырып, қыздарының сүт сауымы мен сүт майының құрбыларымен салыстырғанда жоғары болуына байланысты осы аталмыш тұқымдық бұқаға сүт деңгейі бойынша $А_2$ санаты, майлылығының деңгейі бойынша $Б_2$санаты беріледі.

Дию №7013 атты бұқаның 15 ұрғашы ұрпағының орташа сүттілігі 1-ші сауым маусымының 305 күнінде 5980 кг, сүтінің майлылығы - 3,71%, сүт майы - 221,8 кг, желінінің индексі 43%, сүт беру жылдамдығы 1,71 кг/мин. Құрбыларының орташа сүттілігі 1 сауым маусымының 305 күнінде 5393 кг, сүтінің майлылығы - 3,62%, сүт майы - 195,2 кг, желінінің индексі 42,5%, сүт беру жылдамдығы 1,70 кг/мин. Енелерінің орташа сүттілігі 1 сауым маусымының 305 күнінде 3649 кг, сүтінің майлылығы - 3,71%, сүт майы - 135,4 кг, желінінің индексі 42,5%, сүт беру жылдамдығы 1,70 кг/мин.

Демек, ұрпағының сүттілігі енелерінікінен 2331 кг, сүт майы - 86,4 кг артық, ал сүтінің майлылығы бірдей болып шықты. Құрбыларынікінен сүттілігі 587 кг, сүтінің майлылығы - 0,09%, сүт майы - 26,6 кг артық. Кесте бойынша түзету коэффициенті 0,58. Түзету коэффициенті бойынша бұқаның қыздарының сүттілігі құрбыларынікінен 340,5 кг (272×0,58) немесе 6,3% (340,5×100/5393) жоғары.

Құрбыларының сүт сауымы бойынша Инструкцияға сәйкес бұл бұқаның тұқымы да 1 тұқымдар тобына, май деңгейі бойынша 3-топқа жатады.

Желін индексін, сүт беру жылдамдығын есепке ала отырып, қыздарының сүт сауымы мен сүт майының құрбыларымен салыстырғанда жоғары болғандықтан Дию №7013 бұқасына сүт деңгейі бойынша $А_1$ санаты, майлылығының деңгейі бойынша $Б_3$санаты тағайындалды.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, Канададан әкелінген сиырлардан туған бұқалардың препатенттілік көрсеткіші жоғары екені дәлелденіп отыр. Сүт өнімділігінің көрсеткіштері, сүтінің майлылығы жағынан өзінің құрбаларынан да, енелерінен де жоғары болып тұр. Демек, бұл екі аталмыш тұқымдық бұқа, яғни Дода №7005 мен Дию №7013 жақсартушы болып табылады.